			<p>заңдылық бойынша, қандай моншақ тізіледі? Түстерді дұрыс айтқандарың үшін және есептің шешімін дұрыс тапқандарың үшін моншақты тізейік.</p> <p>№3 тапсырма.</p> <p>«Кім жылдам?» ауызша есеп. Бізге теледидардан есептер беріліпті. Соларды ауызша шығарайық. Теледидардан слайд көрсету.</p> <p>Айман қуыршағымызға кезекті моншағын заңдылық бойынша тізейік.</p> <p>№4 тапсырма. «Көрші санды тап» карточкамен жұмыс.</p> <p>Алдарыңда карточкалар берілген, онда сандар көрсетілген. Жанындағы тор көзге, алдарыңдағы жатқан сандар ішінен көрші санды тауып қоясыңдар. Мұқият қараңдар алдыңғы немесе келесі көрші санды тауып қоюларың</p>	<p>ханшайымы келеді. Ол өз тапсырмаларын әкеледі.</p> <p>– Ал, балалар табиғат ханшайымның тапсырмаларын орындаймыз ба?</p> <p>- Табиғат деген не?</p> <p>- Дұрыс табиғат бізді қоршаған орта. Балалар, бүгін біз осы табиғат туралы әңгімелейміз. Табиғат екіге бөлінеді екен. Өлі табиғат және тірі табиғат: Өлі табиғатқа тау, тас, топырақ, бұлт, су жатады. Тірі табиғатқа адамдар, жан - жануарлар, ағаштар, гүлдер жатады.</p> <p>(Суреттер көрсетіледі)</p> <p>Слайд арқылы көрсетіледі.</p> <p>Тірі табиғат: қоректенеді, тыныс алады, өсіп - өнеді, қозғалады, жүреді сөйлейді. Өлі табиғат: қоректенбейді, тыныс алмайды, өсіп - өнбейді, қозғалмайды, жүрмейді,</p>	
--	--	--	---	---	--

			<p>керек.</p> <p>Балалар жұмыстары.</p> <p>Айман қуыршаққа келесі моншақты тізу.</p> <p>№5 тапсырма.</p> <p>«Суретпен есеп»</p> <p>Алдарыңда суретпен 2 тапсырма берілген.</p> <p>- 1 - інші суреттегі тапсырма. Сандарды суреттердің санына қарай сәйкес сызықпен қос.</p> <p>Балапандардың түсін, санын, қажетті санға апарып сызасыңдар.</p> <p>Дұрыс, балапандардың түсі сары, саны 4 - еу.</p> <p>2 суреттегі тапсырма. Әр шаршы ішінде қанша сурет бар? Егер олардың екеуін сызып тастаса, қанша сурет қалады? Керекті санды айналдыра сыз.</p> <p>Айман қуыршаққа моншақ заңдылық бойынша ілейік.</p> <p>- Қанекей балалар бір</p>	<p>өсіп - өнбейді. Өлі табиғатқа құм, тас, суға байланысты тәжірибе жасап көрейік. Ал енді қонағымыздың тапсырмаларын орындап көрейік. Табиғат ханшайымы гүл және су әкеледі балалар екі топқа бөлініп өлі табиғатқа су жататы, осы су туралы бүкіл мәлемет жинайды зерттейді. Ал екінші топ гүл тірі табиғатқа жатады осы гүл туралы барлық мәлемет жинайды.</p> <p>Тәжірибе: Тірі табиғат.</p> <p>Алдын ала отырызылған пияздар біреуі суға малынып отырызылған біреуі топыраққа слайдқа қарап отырып өзгеруін көреміз. Балалар дәлелдейді қай пияз тезірек өсетінін.</p> <p>Өлі табиғат.Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір - біріне жабыспайды.</p> <p>Ыдыстағы құмның жел</p>	
--	--	--	---	--	--

			<p>сергіп алайық. №6 тапсырма. «Сиқырлы пішіндер» - Қандай пішіндерді білесіңдер? Алдарыңдағы пішіндерден әртүрлі суреттер құрастырып, жасайсыңдар. Балалар жауаптары. Балалар жұмыстары. Моншақ тізу. - Әмина пішіндердің көмегімен қандай сурет құрастырдың? Енді осы пішіндерге арналған сергіту сәтін жасап, сергіп алайық. Сергіту сәті. Слайдпен. Моншақ ілу. №7 тапсырма. Есеп - жұмбақ А)- Екі балапан тұр, Екі балапан отыр. Шатаспай тез ойлансаң, Барлығы қанша балапан? (төрт) ә)- Бес алманың үшеуін, Досың сұрап алды. Айтшы, сонда нешеуі,</p>	<p>тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)</p> <p>3) Ойын - ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)</p> <p>Ей адамдар күнмен гүлден жаралған Табиғатты аялаңдар, Мәпелендер, балалар!</p>	
--	--	--	--	--	--

			<p>Өз қолыңда қалды? (2) б)- Тал бойында тізіліп Бес жапырақ тұр еді. Жел соқты да үзіліп, Ұшып кетті үшеуі. Ілініп тұр әлі Жапырақтың нешеуі? (3)</p> <p>в)- Алма ағашта бес алма, Қандай тәтті жесе алма. Бесеуін де жеп қойсам, Қалады сонда неше алма? Моншақ тізу. №8 тапсырма. Графикалық диктант. Айман қуыршақтың құрбысының шағын орталыққа келетін жолын жаса. Балалар жұмыстары. Моншақ ілу. №9 тапсырма. Дидактикалық ойын «Келісемін - келіспеймін» Кеңістікті бағдарлауға арналған тапсырманы мұғалімнің айтуы</p>	<p>Табиғат ханшайымның кетуі.</p> <p>Сендердің қамқорлықтарыңды көріп риза болып тұрмын. Өте ақылды балалар екенсіңдер. Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер. Ал ендеше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін, сау болыңыздар.</p> <p>Рефлексивті түзету.</p> <p>- Балалар, бүгінгі оқу-іс әрекетімізде нелерді үйрендік? Слайд арқылы қорытындылау.</p> <p>Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы, Сау- саламат болайық.</p> <p>Сау болыңыздар!</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Нені білуі керек: Тірі табиғат қоректенеді, тыныс алады, өсіп - өнеді қозғалады, сөйлейді, еңбек етеді.</p>	
--	--	--	--	---	--

			<p>бойынша барлық балалар бірге жауап береді.</p> <p>Келісемін – келіспеймін.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үйдің шатыры төрт бұрышқа ұқсайды. 2. Қарбыздар талдың басында өседі. 3. Жазда шанамен сырғанаймыз 4. Жұлдыздар аспанда түнде көрінеді. 5. Лимон тәтті болады. 6. Шыршаның түсі қызыл. 7. Алма шаршыға ұқсайды. 8. Балықтар талда өседі. 9. Сиырдың 4 аяғы болады. 10. Керіктің бойы аласа. 11. Балмұздақ ыстық болады. 12. Дөңгелек пішіннің екі бұрышы болады. 13. Қоян балды жақсы көреді. 14. Пілдің тұмсығы қысқа. 15. Кітап – білім береді. <p>Айман қуыршаққа</p>	<p>Нені игереді: Табиғат ерекшеліктерін есте сақтап, әңгімелеп айтуды.</p> <p>Нені біледі: Табиғатты аялап, қорғауды біледі.</p> <p>«Қандай көлік?»</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>«Қарлығаш» қимылды ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.</p>	
--	--	--	---	---	--

			<p>моншағын заңдылық бойынша ілу.</p> <p>- Ал, енді балалар Айман қуыршағымыздың моншақтары әдемі болып тізілді, кәне санайықшы неше моншақ бар екен?</p> <p>Заңдылық бойынша балалар моншақтарды санайды.</p> <p>«Санына қарай салыстырайық» ойыны.</p> <p>Ойын мақсаты: ойыншықтың көптігін - аздығын көзбен анықтайды</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>«Сөздегі дыбыстың орнын тап» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: дыбыстық талдау (сөздегі дыбыстың орнын анықтау) дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>«Сиқырлы қапшық» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: заттарды</p>		
--	--	--	--	--	--

			<p>белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>«Айдаһардың құйрығы» қимылды ойыны.</p> <p>Мақсаты: балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып, бірлесе қимылдауға ауызбіршілікке жетелеу</p>		
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека № 3	Картотека № 14	Картотека № 5	Картотека № 18	Картотека № 3
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін сөреге шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	Сұлтанәлимен «Мектеп» тақпағын қайталау	<p>Айарумен жеке жұмыс жүргіздім. Заттарды сипап сезу және көру</p> <p>қабілетін дамыту мақсатында «Қай қолымда көп?» ойыны ойнатылды.</p>	Мақалдарды қайталау	Елдармен жұмбақ шешу	<p>Айбибімен жеке жұмыс жүргізілді.</p> <p>«Сыңарын тап» ойыны ойнатылды.</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-	<p>Үстел-үсті ойыны</p> <p>«Көкөністер-жемістер лотосы»</p>	<p>Дид ойын</p> <p>«Жұбын тап»</p> <p>Мақсаты: геометриялық</p>	<p>Бейнелеу іс-әрекеті</p> <p>«Бет орамалға лайық жамауларды табу»</p>	<p>Қимылды ойын</p> <p>«Төбеде доп қуу»</p> <p>Мақсаты: балаларды</p>	<p>Дид ойын</p> <p>«Жапырағына қарай ажырат»</p>

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Мақсаты: жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту	пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Мақсаты: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың тарауы. Ата-аналармен жеке әңгімелесу, кеңес беру.	Балалардың үйге қайтуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу, кеңес беру.	Үйге қайту. Мектеп формасын қадағалау.	Балалардың үйге оралуы. Балалардың жетістігі туралы айту.	Үйге тарау. Әдептілік сөздерді қайталау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Еркіндік ЖББМ

Балалардың жасы :5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі : 26-30 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен Әңгімелесу	Ата-аналармен баланың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың мектеп киімдеріне күтімі жөнінде әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың үйдегі «жақсы» әдеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың «теріс» әдеттері бойынша әңгімелесу	Ата-аналармен баланың демалысын саябақта күзгі табиғатты бақылау арқылы өткізуін ұсыну.

Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын «Не қайда өседі?» Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөнінде білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру.	Дидактикалық ойын «Әдемі кілемшелер» Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту.	Қимылды ойын «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.	Үстел-үсті ойыны «Спорт-лото» Мақсаты: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу.	Бейнелеу іс-әрекеті «Түрлі-түсті жолақтар» Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру.
ҰІӘ дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым» дейді, Мен мұңайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім» дейді, Мен қуансам күлімдейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып қуанып, Достармен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге. Қол ұстасып келдік біз,	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Сауат ашу негіздері дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дауысты дыбыстар. Видео ролик қарау. https://youtu.be/Ht5XWZe8SSY?si=cqHy1y7DhdkeNExl «Қуыршақтардың есімі» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздің қандай	Көркем әдебиет Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету олардың мазмұның түсіну. Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды ертегі, әңгіме, өлең. Ажыратуды үйрету. Ертегілер әлемі	Математика негіздері Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. «Біреу және көп» дидактикалық ойыны Мақсаты: «Біреу және	Қазақ тілі Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Отбасы мүшелері: әке, ана және олардың балалары. Отбасының	Көркем әдебиет «Әкесі мен балалары» Мақсаты: Л.Тостойдың әңгімесін оқып беру, әңгіме мазмұны бойынша пікір алмасу. Мақал жаттап, үзік сызықты сызады. Қазақ тілі «Атауын тап» ойыны. Қоршаған ортадағы

	<p>дыбыстан басталатынына назарларын аударады. Қуыршақтарды көрсетеді:</p> <p>- Мына әдемі қуыршақтың аты Анар. Келіндер, «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: «А-а-а-а-нар». Ен бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?</p> <p>Дыбысты айнаға қаратып, созып айтқызады.</p> <p>- [а] дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?</p> <p>- Яғни, [а] дыбысы қандай дыбыс екен?</p> <p>Келесі қуыршақты көрсетеді:</p> <p>- Бұл қуыршақтың аты - Мұрат.</p> <p>Көмектесе отырып, балаларға «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аудартып, қандай дыбыс екендігін ажыратқызады.</p>	<p>Мақсаты: Балалардың ертегі арқылы тілдерін дамыту, шығармашылығын дамыту, ертегіні мазмұнына сахналауға үйрету, рольде ойнау шеберліктерін жетілдіру, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Көрнекіліктері: компьютер, флэшка ертегілердің суреттерімен, «Қарлығаш пен Дәуіт», «Маша мен аю», «Қаңбақ шал», «Алдар көсе», «Үш торай» музыка «В гостях у сказки», құстардың дыбыстары, ағаштардың макеттері, оқтау, себет, қолғап, сандық, жануарлардың балалары мен суреттері, Мотивациялық-қозғаушылық Шаттық шеңбер ұйымдастыру. Ұйымдастырушылық - Ізденістік</p>	<p>көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.</p> <p>Шарты:</p> <p>Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.</p> <p>№1дәптермен жеке жұмыс жасау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: «Бір» сөзінің мағынасын түсінеді, тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дауысты дыбыстар. Видео ролик қарау. https://youtu.be/Ht5XWZe8SSY?si=cqHy1y7DhdkeNEXl</p> <p>«Қуыршақтардың есімі» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сөздің қандай дыбыстан басталатынына назарларын аударады.</p>	<p>болуы – үлкен бақыт. Барлығымыз бірге қайталайық.</p> <p>Отбасы – ол бақыт,</p> <p>Отбасы – ол ата-ана,</p> <p>Отбасы – туыстарымыз,</p> <p>Отбасы – ол шаңырақ</p> <p>«Менің жанұям» саусақ жаттығу (балалар саусақтарын бүге отырып орындайды)</p> <p>Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз.</p> <p>Бас бармағым- әкем, балаң үйрек - апам, ортан терек- ағам, шылдыр шүмек –мен, титтей бөбек сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз! .</p> <p>Мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>Балалар бірге қайталайды. Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелерін әңгімелейді. Адам санын анықтайды.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір</p>	<p>заттардың топтарын, жыл мезгілдерінің белгілерін және құбылыстарын, заттарды көлемі мен түсі бойынша атай білуге үйрету; Сабақтыңмақсаты Барлық оқушылар: Жартылай дайын өнімдерден дайындалатын жылдам әзірленетін тағам түрлерін және дайындау технологиясын білді; Оқушылардың басым бөлігі: Жартылай дайын өнімдерден жылдам орындалатын тағамдар мен десерттердің түрлерін ажырата алады; Кейбір оқушылар: АКТ-ны қолдана отырып жартылай дайын өнімдерден әр түрлі тағамдар дайындайды. Бағалау критерийі Жартылай дайын өнімдердің түрлерін атайды Жартылай дайын өнімдерден жылдам орындалатын тағамдар</p>
--	--	--	---	--	--

<p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Дәптердегі суреттер бойынша жұмыс жүргізеді</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Нені білуі керек: дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін.</p> <p>Нені игереді: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтудағы артикуляциялық ерекшеліктерді.</p> <p>Нені біледі: дауысты, дауыссыз дыбыстарды естігеніне сәйкес қызыл, көк ойынтасты көрсетуду</p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Мақсаты: сөздерді буынға бөлу, берілген сөзге дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Дауыссыз дыбыстарды анық айтуды үйрету</p> <p>-«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; .</p> <p>Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету.</p> <p>Т – Д дыбыстарына</p>	<p>Музыка әуенімен педагог:</p> <p>- Балалар, жаңа ертегілерді естігілеріңіз келеді ме?</p> <p>Онда мына кітапты алып ертегіні таңдап алыңыз.</p> <p>- Ой, ертегілеріміз қайда кеткен?</p> <p>- Ертегілер қайда жоғалып кеткенің қалай ойлайсыңдар?</p> <p>Біздің балалар соңғы уақытта мультфильмдерді өте көп қарайды, компьютер ойнайды, ал ертегілерді мүлдем оқымайды.</p> <p>- Ертегілер сиқырлы ертегілер әлеміне кетті деп ойлаймын.</p> <p>- Біздер оларды қалай қайтарамыз?</p> <p>Жаңа ертегілерді жазамыз, кітапханадан іздейміз, әлде қайтып келуге өтінеміз бе?</p> <p>- Балалар мен таптым, мүмкін біздер ертегілер әлеміне ертегілерімізді іздеуге барамыз?</p> <p>- Сендер менімен барасыңдар ма?</p>	<p>Қуыршақтарды көрсетеді:</p> <p>- Мына әдемі қуыршақтың аты Анар.</p> <p>Келіңдер, «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: «А-а-а-а-нар». Ен бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?</p> <p>Дыбысты айнаға қаратып, созып айтқызады.</p> <p>- [а] дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?</p> <p>- Яғни, [а] дыбысы қандай дыбыс екен?</p> <p>Келесі қуыршақты көрсетеді:</p> <p>- Бұл қуыршақтың аты - Мұрат.</p> <p>Көмектесе отырып, балаларға «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аудартып, қандай дыбыс екендігін ажыратқызады.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Дәптердегі суреттер</p>	<p>бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>«Біреуі артық» № 5 дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету.</p> <p>Мазмұны.</p> <p>1-нұсқа.</p> <p>Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Бір сөзінің мағынасын түсініп, өмірде қолданады.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Ересектердің еңбегі: өз ата- анасының еңбегі жайлы әңгімелегенде, еңбек барысы туралы білімін қолдана білуге,</p>	<p>мен десерттердің түрлерін ажыратады</p> <p>Жартылай дайын өнімдерден жылдам орындалатын тағамдар мен десерттерді әзірлеудің технологиялық үдерісін біледі және сарамандық эксперимент жасайды</p> <p>Тілдікмақсаттар</p> <p>Негізгісөздер мен тіркестер:Жартылайфабрикааттар,:жартылайөңделгенөнімдер,десерт, рецепт, порция,бифштекс, бефстроганов бас аспазшыдегенсөздердің мағынасынтүснеді, дұрысипаттайалады. Талқылауғаарналғантармақтар: — Жартылайөнімдепненіайтады? — Жартылайдайынөнімдердіңтүрлерінжәнеерекшеліктерінатаңыз? —</p>
--	--	---	--	--

<p>байланысты өлең шумақтарын айтқызу</p> <p>Түлкі, тазы, тотықұс, Дәмді шөпті таңдаған, Тыرنаны оған қосыңыз. Дәмді шөпті талғаған, Басталар Т – дан тасбақа Дағдысынша Дуадақ Терек, тарақ, тасыңыз. Даланы еркін шарлаған. Күтілетін нәтиже: балалар дыбыстардың дұрыс дыбыстауды үйренеді «Не артық?» ойыны. Мақсаты: ойыншықтардың ішінен артық ойыншықты тауып сызу. Сөздік қор: балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, санесімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту. Дене шынықтыру «Дұрыс көзде» Шарты: Балалар шеңбер</p>	<p>- Біздер немен барамыз? - Поезбен, машинамен, ұшақпен баруға болады, бірақ біздің топта ондай көлік жоқ. Тәрбиеші кілемді әкеліп жаяды. - Балалар қараңдар біздің кілем тесіліп қалыпты ғой. (Кілемнің тесіктері геометриялық пішіндер тәрізді болып келеді.) - Ертегілер әлеміне жету үшін кілемді жамау керек. Дидактикалық ойын: «Жамауды тап» Балаларға берілген геометриялық пішіндердің орның тауып кілемді жамау керек. - Балалар қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? - неше төрт бұрыш бар? - неше үшбұрыш бар? - неше тіктөртбұрыш бар? - Жарайсыңдар кілемді жөнделік енді бәрімізге сәт сапар тілеймін. (хормен) Біздің кілем ұшып барады</p>	<p>бойынша жұмыс жүргізеді Күтілетін нәтиже: Нені білуі керек: дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін. Нені игереді: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтудағы артикуляциялық ерекшеліктерді. Нені біледі: дауысты, дауыссыз дыбыстарды естігеніне сәйкес қызыл, көк ойынтасты көрсетуду Дыбыстық талдау Мақсаты: сөздерді буынға бөлу, берілген сөзге дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Қоршаған ортамен танысу Өлі табиғат құбылыстарымен заттары. «Орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. «Сиқырлы орман»</p>	<p>адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету; Табиғат және адам қолымен Оқушыларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, өз атамекенінің табиғатын қорғауға, сүйеге тәрбиелей отырып, жанашырлық және жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру; Көрнекілігі: Интерактивті тақтажасалған әлем көрінісі Сүйейік табиғатты аялайық! Экология – өмірдің Соғып тұрған жүрегі Ей, табиғат, балаңмын Ертеңіңе алаңмын Денсаулығы ғаламның – Амандығы адамның. Тәрбиеші: Иә, оқушылар жаңа ғана сіздер адам баласының өзін қоршаған ортаға, табиғатқа жасаған қиянат ісіне куә болдыңыздар. Айналадағы қоршаған ортаның әсері адам</p>	<p>Қандай тағамдардайынд ауға болады? — Десерт жасау үшін қандай өнімде р қолданылады? — Осы тағамдарды дайындауда қандай технологиялық үрдістерді қолдануға болады? — Десерт не үшін қажет? — Біздің ұлттық ас мәзірінде десерт қай кезден пайда болды? — Қазақ халқының қай тағамдары десертке жатады? Құндылықтарға баулу Қоғамымыздағы ұлттық бі рлік, бейбітшілік пен келісім Пәнаралық байланыс биология (тағам өнімдері мен құрамының ерекшеліктері) математика (тағам өнімдерінің өлшем бірліктері грамм) Алдыңғы білім Оқушылар дұрыстамақта нүнегіздері, ас</p>
---	---	--	--	---

<p>болып тұрады.</p> <p>Әрқайсысында бір - бір асық. Ортада жәшік тұрады. Бала мен жәшіктің арасы метрден аспауы керек. Берілген сигнал бойынша балалар бірден жәшікке асықтарды лақтырады. Бәрі лақтырып біткен соң, асықты алып қайтадан ойынды қайталауға болады. Егер асық шеңберге түспесе де балалар асықты алып, шеңберге тұрады.</p> <p>«Диагностикалық орталықта»</p> <p>Мақсаты: Аурухана туралы түсініктерін кеңейте білу, ауруханаға қажетті заттарды атап білуге үйрету. Балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Дүкенші»</p> <p>Барлық заттың жаңасын, Сатушыдан табасың. Төлеп толық бағасын Керегенді аласың.</p> <p>Мақсаты: Балаларды</p>	<p>Алыс жерге апарады</p> <p>Кәне достар көзді жұмамыз</p> <p>Ертегілерімізді табамыз.</p> <p>- Балалар қараңдар, қайда келіп қалдық?</p> <p>(музыка қосылады, орман мекендеушілердің дыбыстары естіледі.)</p> <p>- Балалар орманда қалай жүру керек?</p> <p>- Қараңдар бағдаршалар бар, мұнда не жазылғаның оқып бериін бе?</p> <p>- Сол жаққа барсаң суға батасын, оң жаққа барсаң ертегілерді табасын.</p> <p>- Балалар қалай ойлайсыңдар біздер қай жаққа барамыз?</p> <p>Тәрбиеші балалармен оң жаққа барып, ағаштың астыңда флэшканы тауып алады.</p> <p>- Балалар бұл не?</p> <p>- Сендер қалай ойлайсыңдар мұнда не жазылған? Қараймыз ба?</p> <p>- Ендеше жайғасып отырайық менде сендермен бірге қарайық</p>	<p>(халық ертегісін тыңдату).</p> <p>Ертегінің мазмұнын талдау. Рөлге бөлініп сомдау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Орман ұғымен танысады. Ертегі мазмұнын баядауға тырсады.</p> <p>«Сен білесің бе?» ойыны. Телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту;</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Жүгіру</p> <p>Қимылды ойындар</p> <p>«Қақпан»</p> <p>Шарты: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да екінші топ көп. Аз топ қақпан, көбі - тышқандар болады. Қақпандағы балалар бір - бірінің қолдарынан ұстап жүреді. Тышқандар қашып ұстатпайды.</p>	<p>денсаулығын нығайтып, еңбекке деген ынтасын арттырады, ағзаның үйлесімді дамуына мүмкіндік туғызып, бос уақытты жан-жақты тиімді пайдалануға ықпал жасайды. Адам – табиғат пен Жер – ананың төл перзенті. Табиғат – тіршілік көзі, сондықтан да табиғи заңдылықтарды қатаң сақтау керек. Осы тақырыпта Қадыр Мырза Әлі:</p> <p>Табиғаттан бабамыз ала берген секілді</p> <p>Дархандықты қазаққа дала берген секілді</p> <p>Еркелікті, ерікті желден алған секілді</p> <p>Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді, – деп жырлаған. Бүкіл тіршілік атаулының ұясы және аяулы бесігі, құтты қонысы мен мекені – табиғат. Бүгінгі «Таза болса табиғат, Аман болар адамзат» атты тәрбие сағаты осы тақырыпта өрбімек.</p>	<p>мәзірінқұрастыру, асханажабдықтарынзерд елеген.</p> <p>Тағамдайындауғаарналғанжабдықтарымен, құралдарыменыңғайландырусаймандарыменжұмысжасаудағдыларыңқалыптыстырған</p> <p>Сабақбарысы</p> <p>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</p> <p>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</p> <p>Ресурстар</p> <p>Сабақтың басы</p> <p>7 минут</p> <p>Сабақтың ортасы</p> <p>10 минут</p> <p>Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында «Мен саған сенемін» әдісі арқылы шаттық шеңберін құрып, бір-біріне сәттілік тілейді. Осы әдіс арқылы оқушылар арасында жағымды ахуал орнайды. Жартылай өнім түрлері бейнеленген (котлет, десерт) қима</p>
---	--	--	---	---

<p>еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баули отырып, сатып алған затының атын, түсін айта білуге, санауға, топтастыруға, теңестіруге, көп, аз, ұғымын айыра білуге үйрету.</p> <p>«Құрылысшы»</p> <p>Таспен сарай қаладым, Әдемі үйлер саламын. Кіргіземін шырайын - Ауыл менен қаланың</p> <p>Мақсаты: Ойын арқылы балалардың білімдерін, түсініктерін тереңірек кеңейту, ойлау қабілеттерін, тілін дамыту. Құрылысшы мамандығын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қалада көп, биік үй, Соның бірі біздің үй. Барады үйлер биіктеп, Төбесіне тиіп көк.</p> <p>Музыка</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар.Музыканың және оның бөліктерінің</p>	<p>Балалар теледидардан «Қарлығаш пен дәуіт», «Қаңбақ шал», «Алдар көсе», «Маша мен Аю», «үш торай» ертегілердің суреттерін көріп, қандай ертегі екенін айту керек.</p> <p>- Жарайсыңдар компьютер астынан сол ертегілердің суреттерін алып шығады.</p> <p>Әрі қарай жолмен бара жатып алма ағаштың астыңда қолғапты, себетті, оқтауды тауып алады.</p> <p>- Балалар бұл заттарды қай ертегінің кейіпкерлері жоғалтты? Әрі қарай бара жатып, сандықты көріп қалады.</p> <p>Сандықта жан - жануарлардың суреттері бар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Баласын тап»</p> <p>- Балалар осы жануарларға өз балдарын табуға көмектесу керек, көмектесеміз бе?</p> <p>«Кім ұлттық киімдерді көп біледі?» ойыны.</p>	<p>Тәрбиешінің белгісімен қақпандағы балалар қолдарын ұстап тұрады да, тышқандар шеңбер арқылы жүгіріп өтеді. Сонда тәрбиешінің белгісімен «жап» дегенде балалар қақпанды жауып қалады. Осылай тышқандарды ұстап болған соң, орындары ауысады.</p> <p>«Жануарлар»</p> <p>Шарты: Алаңда тәрбиешінің белгісімен балалар жан - жаққа жүгіреді. Тәрбиеші «Жануарға айналыңдар» - дегенде балалар тоқтап, бір - бір жануарды көрсетіп тұрады. Тәрбиеші алдын ала балаға өзі жануарды таңдау керектігін ескерту керек. Ойынды 3 - 4 рет қайталауға болады.</p> <p>«Жапалақ»</p> <p>Шарты: Бөлменің бұрышында жапалақ (жүргізуші) отырады.</p>	<p>Табиғатты гүлдендіретін де, күлге айналдыратын да – адам. Жер бетінде мейірімді адамдар да, небір зұлым адамдар да өмір сүреді. Дегенмен, жомарт Жер – анамыз олардың барлығын бірдей көріп, аялы алақанымен аялап, тіршілік нәрін сыйлайды.</p> <p>Жер-ана мен өз анаң егіз екен</p> <p>Мейірімдері мейлінше теңіз екен</p> <p>Анам туды, жер-ана жетілдірді</p> <p>Осыны өзім өмірге негіз етем.</p> <p>Еліміз басынан кешіріп отырған, адам қолымен жасалған мына көріністерге көз салайық(Экраннан экологиялық апатты аймақтар суреттері көрсетіледі)</p> <p>Оқушылар! Мінекей, туғанжеріміздің-атамекеніміздіңаяныштых алінкөрдіңіздер. Бірақ, «Адамдардыңтабиғатсызк</p>	<p>қағаздары арқылы екі топқа бөлемін.</p> <p>«Серпілген доп» әдісі бойынша мұғалім кез-келген оқушыға сұрақ береді, жауап беріп болған оқушы келесі оқушыға допты бере отырып, сұрақ қояды.</p> <p>1. Қандай халықтардың ұлттық тағамдарын білесің?</p> <p>2. Қазақ халқының дастархан басында өзін-өзі ұстау әдебі қандай?</p> <p>3. Дастарханды жабдықтау дегеніміз не? Сөзжұмбақ шешу арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.</p> <p>Миға шабуыл</p> <p>«Сөзжұмбақ»</p> <p>1.Қандай да бір тағам әзірлеу үшін бастапқы өнімдер деп деаталады.(Ингридиент)</p> <p>2.Жартылай дайын өнімдер балық,көкөніс,ұн жәнежасалады. (Еттен)</p> <p>3.Ұсақтап</p>
--	--	---	---	--

	<p>сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету; марш сипатын анық ырғақты жүрумен;</p> <p>«Аспапты үнінен тап» ойыны.</p> <p>Мақсаты: есту қабілетін дамытып, аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады.</p>	<p>Мақсаты: қазақтың ұлттық киімдерін атай білуге баулу.</p> <p>«Білімнің бұлағы»</p> <p>Мақсаты: Оқу-құрал, білім туралы мақалдарды жаттау. Мағынасын түсіндіру.</p> <p>1. Күш — білімде, білім — кітапта</p> <p>2. Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.</p> <p>3. Ойна да күл, Оқы да біл</p> <p>(т.б)</p> <p>Күтілетін нәтиже: мақал-мәтелдерді жатқа айтады. Мағынасын түсіндіруге тырсады.</p> <p>Музыка</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру.</p> <p>«Қос дабыл» музыкалық дидактикалық ойыны.</p> <p>(Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған</p>	<p>Қалған балалар тышқан мен шымшықтар болады. Күндіз бәрі жүгіріп жүреді.</p> <p>Тәрбиеші «Түнде» дегенде олар қозғалмай отыруы керек. Түнде жапалақ аң аулауға шығады. Егер кім қозғалса, соны жапалақ ұстап ұясына тасиды. Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.</p> <p>«Маймыл мен жолбарыс»</p> <p>Шарты: Бұл ойындары көбінесе сатылары бар спорт бар алаңында ойнатса өте тиімді.</p> <p>Біреуі жолбарыс болып, қалғандары маймыл болып банан теруге ағашқа шығады.</p> <p>Жолбарыс келіп маймылдарды қуалайды, ұстаса өз үңгіріне тасиды</p>	<p>үні жоқ, оны айтартабиғаттың тілі жоқ» демекші, біз Жер-Анамызды, оның байлықтарын сақтап қалуымыз керек.</p> <p>Құрметті оқушылар!</p> <p>Болашақта экологиямызды жақсартып, туған жеріміздің табиғатын сақтап қалу үшін қандай шаралар атқарылып жатыр? Жойылып кету қаупі төніп тұрған өсімдіктер мен жануарлар қызыл кітапқа енгізілді.</p> <p>Оларды сақтап қалу үшін арнайы қорықтар ұйымдастырылды.</p> <p>Семей полигонындасына қатар жүргізу тоқтатылды</p> <p>Арал теңізін сақтап қалу үшін барлық елдердің ғалымдары ізденуде.</p> <p>Жасыл ел бағдарламасы бойынша жаңа сыл желек саны көбейтілу</p> <p>Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз.</p>	<p>туралған, жартылай өңделген ет өнімдерінен жасалатын тағам (Бефстроганов)</p> <p>4. Ұнға аунатылған жартылай өнімдерден жасалатын тағам (Ромштекс)</p> <p>5. Айран және жеміс-жидектер қоспасы қалай аталады? (Йогурт)</p> <p>6. Ас, тамақ сөздерінің синонимі (Тағам)</p> <p>Кеспе қағаздар</p> <p>Интер белсенді тақта</p> <p>Түрлі түсті суреттер</p> <p>18 минут .</p> <p>«Тұжырымдамалық карта» құрастыру әдісі</p> <p>1 топ тапсырмасы:</p> <p>Жартылай дайын ет өнімдерінен жылдам дайындалатын тағамдардың білетін рецептерін табу, тұжырымдамалық карта құру, қорғау.</p> <p>2 топ тапсырмасы:</p> <p>Десерт дайындау әдістерін табу, тұжырымдамалық карта құру.</p>
--	---	---	--	---	--

		<p>ойын)</p> <p>Сауат ашу негізд ері</p> <p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>«Сен білесінбе айдары «Жуан немесе жіңішке?» ойыны.</p> <p>Мақсаты: жуан және жіңішке дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыруға үйрету.</p> <p>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.</p> <p>2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды.</p>		<p>Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>«Дұрыс көзде»</p> <p>Шарты: Балалар шеңбер болып тұрады.</p> <p>Әрқайсысында бір - бір асық. Ортада жәшік тұрады. Бала мен жәшіктің арасы метрден аспауы керек. Берілген сигнал бойынша балалар бірден жәшікке асықтарды лақтырады. Бәрі лақтырып біткен соң, асықты алып қайтадан ойынды қайталауға болады. Егер асық шеңберге түспесе де балалар асықты алып, шеңберге тұрады.</p>	<p>Топтық бағалау</p> <p>«Бағдаршам»</p> <p>Топтар бір-бірінің жауаптарын бағалайды.</p> <p>Дескриптор</p> <p>1.Жартылай дайын ет өнімдерінен жылдам дайындалатын тағамдардың рецептерін біледі.</p> <p>2.Тағам түрлерін ажырата алады.</p> <p>3.Жылдам дайындау тағамдарының технологиясын біледі,қолданады.</p> <p>4.Десерт дайындау технологиясын біледі,қолданады.</p> <p>Қауіпсіздік техникасы ережелері</p> <p>Көкөністен,жармадан,етт ен жасалған жартылай дайын коттлетердің әр қайсысының дайындалу уақытын және пайдалылығын анықтаңыз.</p> <p>Өздері білетін жартылай дайын өнімдерден жасалатын тағамдардың дайындау әдістерін</p>
--	--	--	--	--	--

		<p>Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.</p> <p>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер, түтікше, карточка, айна т.б.</p> <p>ҰІӘ барысы</p> <p>1. Ұйымдастыру кезеңі «Қызықты кубик-рубик» балалар шеңберге тұрып кубик рубикты лақтырады, кубиктағы қимыл-қозғалысты жасайды.</p> <p>2. Негізгі бөлім Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.</p> <p>1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Дауысты дыбыстар 3) Дауыссыз дыбыстар 4) Қандай түспен белгіленеді? 5) Дауысты дыбыс қызыл түспен, дауыссыз дыбыс</p>			<p>өзара талқылап, тұжырымдамалық карта құрастырып, қорғайды</p> <p>Көкөністен, жармадан, еттен жартылай дайын котлеттерді табаға май құйып, қыздырып қуырады және жұмыс нәтижесін түсіндіреді.</p> <p>Топтар бір-бірінің жұмысын «Басбармақ» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p>бағдаршам</p> <p>Асхана құрал-жабдықтары</p> <p>Сабақтың соңы</p> <p>5 минут</p> <p>Рефлексия «Білім қоржыны» әдісі арқылы кері байланыс жасаймын. Стикерлерді қоржынға жабыстырады.</p> <p>Қызыл қоржынға сабаққа өте жақсы түсіндім, мен үшін қызықты болды деген оқушыларлар жабыстырады.</p> <p>Көк қоржынға мен сабаққа жақсы түсіндім деген оқушылар</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>көк түспен</p> <p>6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>Мақсаты: К-Қ дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуда үйрету</p> <p>Артикуляциялық гимнастика. «Күрекше», «Ине», «Түтікше» «Тіс тазалау», «Сылақшы», «Кесе», «Ат шауып келеді»,</p> <p>Жаңылтпаш айту:</p> <p>Қыс қатты – ақ, Қыспаққа - ап. Құс тоңып жүр, Қыстап қап.</p>			<p>жабыстырады.</p> <p>Сары қоржынға тақырып бойынша әлі де ізденуім керек деген оқушылар ж</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>№ 8 дидактикалық ойын. Барлық балаларға карточка үлестіріледі (карточкалар қайталанбайды). Барлық балалар өз карточкасы бойынша жауап береді. Бір партада отырған екі бала бірдей дұрыс жауап қайтарса, олар жұлдыз алады. Қай партада жұлдыз көп болса, солар жеңеді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Бір сөзінің мағынасын түсініп, өмірде қолданадыабыстырады.</p> <p>Шығармашылық</p> <p>Сурет әрекеті</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>Қоғабай қомағай ма? Жоқ, ағай Қоғабай қомағай емес, Зор, ағай (слайд) - Қай дыбыстар жиі қайталанып тұр? Бүгінгі сабақта қ және ғ дыбыстарын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дұрыс анық айтып, есту арқылы ажыратуға үйренеміз</p> <p>«Қ - ғ» дыбыстарын буындарда ажырату. «Керісінше айт» ойыны. Мен айтамын – қа, сен айтасың – ға Мен айтамын – қо, сен айтасың – ғо Мен айтамын – қи, сен айтасың – ғи Мен айтамын – қы, сен айтасың – ғы Мен айтамын – қу, сен айтасың – ғу Мен айтамын – құ, сен айтасың – ғұ Фонематикалық қабылдауын дамыту. «Кім зейінді?» ойыны.</p>			<p>ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус, серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу: Технологиялық деректер: 1Қылқаламмен жұмыс Істеудің негізгі ережелерін түсіндіру. Қылқаламды суға қалдыруға болмайды: 2 сурет салып болған соң қылқаламды жуып, тазалап қою керек. Қылқаламды орнына қойғанда қылы бар жағын жоғарыға қаратып орналастыру керек.</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>Кім жақсы естиді екен? Мен Қ мен Ғ дыбыстарына сөздер айтамын. Сендер сол дыбыстардың сөздің басында, ортасында, аяғында кездесуін қолдарыңдағы сандар бойынша көрсетіп анықтайсыңдар.</p> <p>Мысалы: қар, жұмыртқа, қант, асық, ғарыш, тоғыз, бақа, торғай, тақта, сауысқан, бағдаршам, ғаламтор, сандық, қоржын, мұғалім, сызғыш, сабақ, шағала.</p> <p>Тапсырма. «Қ - Ғ» дыбыстарын сөздерде ажырату. (Сөздерді қайтала. Оқы) Сөздердің айырмашылығы неде? Таға – тақа Ғалам – қалам Ғалым – қалың Ғашық – қашық Қарыш – ғарыш Қамыр – ғұмыр</p> <p>«Ойлан тап» ойыны.</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>Торкөздерден қ - ғ дыбыстары бар сөздерді тап. (сабақ, аққу, қағаз, сағат, аға)</p> <p>С А Б А Қ Н О С А П К Ц А В Г А Ғ У Р А Ғ О Ш Қ А Л О Б А Л Ы Қ Т Я М Ы З А Г У Д Ч Ж Щ И З К Н</p> <p>«Жоғалған әріпті тап» ойыны. (Көп нүктенің орнына қ - ғ әріптерінің бірін қойып жаз)</p> <p>Топыра..., тама..., қайма... ы, жоры..., қуырша.. ы, ая.., ла.. ы, қара... ай, таби... ат, қарлы... аш,... айшы.</p> <p>«Допты қағып ал» ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.) Ақ – ағы оқ – оғы тақ – тағу Бақ -... жоқ – қақ - Дақ -... уық -... жық -...</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>Дидактикалық ойын: «Білімді мықта» (қ – ғ) дыбыстары кездесетін сөздерді тауып жазу. 1 - 2 сөйлем ойлау. Тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. Тапқан сөздерді анық, дұрыс айт. Бір сөзбен қалай атауға болады?(құстар). Құстар сөзіне дыбыстық талдау жаса.</p> <p>Көлденең 1. Қыстайтын қара құс (қарға) 2. Кішкентай ғана қыстайтын сұр құс (торғай) 3. Жұмыртқалайтын үй құсы (тауық) 4. Әдемі, мойыны ұзын құс (аққу) Тігінен. 1. Құйрығы айыр құс (қарлығаш)</p> <p>Дыбыстық талдау: құстар – неше буын, неше дыбыс, неше әріп? - дауысты дыбыстарды</p>			
--	--	---	--	--	--

		<p>ата: ұ, а</p> <p>- дауыссыз дыбыстарды</p> <p>ата: қ, с, т, р</p> <p>- қ дыбысы қай буында?</p> <p>Мәтінмен жұмыс. (қ – ғ дыбыстары бар сөздерді анық оқу)</p> <p>Қыстайтын құстар</p> <p>Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста қар жауады, күн суық болады. Су қатып, мұз болады. Ағаштар ақ тон киеді.</p> <p>Торғай, сауысқан, көгершін, қарға, суықторғай қыстап қалады.</p> <p>Жылы жаққа ұшпайтын, суыққа төзімді құстарды қысқы құстар деп атаймыз. Қысқа қарай олардың қауырсындарының мамық жүндері қалыңдайды, сондықтан олар суықта тоңбайды, төзімді болады.</p> <p>Қыста ағаштар мен бұталарда қураған жапырақтар сақталып</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>қалады. Құстар соны азық етеді. Қыста оларға дән тауып жеу өте қиын, сондықтан олар үйдің маңайына ұшып келеді. Біз құстарға қамқорлық жасауымыз қажет. Қыста құстарға арнап жемшашар жасап, ағашқа ілу керек.</p> <p>Мәтінге байланысты сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс айларын ата. - Қыста қандай өзгерістер болады? - Қыстап қалатын құстарды ата. - Қыс мезгілі саған ұнай ма? т. б <p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. (қ - ғ дыбыстары бар сөздерді ата)</p> <p>Логоритмикалар айту.</p> <p>Шарты: буын ұйқастан сөз құрап айту.</p> <p>Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу – шығады «аққу»</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>Қар – қар – қар – ға – ға – ға – шығады «қарға» Ға - ға – ға – қағу үшін керек балға Ға – ға – ға – ұшып келді қарға</p> <p>Ақ – ақ – ақ – өседі ағашта жаңғақ Қа – қа – қа – таңертең жедім жұмыртқа Қы – қы – қы – бәйгеде озды жылқы Ық – ық – ық – жұмсақ екен жастық. Сабақты қорытындылау. Біз бүгін сабақта не істедік? Қандай дыбыстарды ажыратуға үйрендік? «Сөзді тап» ойыны. Мақсаты: дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.</p>			
Серуенге дайындық	<p>Киіну: серуенге шығу.</p> <p>Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Кім қайда барғысы келеді?» және т.б.</p>				
Серуен	Картотека № 11	Картотека №2	Картотека №7	Картотека №7	Картотека № 3

Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	Мақалды қайталау	Жұмбақ шешу	Полинамен жеке жұмыс жүргізілді. Баланың ойлау қабілетін дамыту мақсатында бірнеше дидактикалық ойындар ойнатылды.	Тіл ұстарту жаттығуын қайталау	Әнді тыңдауды қайталау
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата»Мақсаты: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту.	Бейнелеу іс-әрекеті «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процестерін дамыту.	Қимылды ойын «Көгі-гөк» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	«Төрт жақты лото» Мақсаты: 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту.	Дидактикалық ойын «Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың мектептен алған әсерлерін сұрау. Қоштасу: Сау болыңыз!	Ата-анамен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу. Қоштасу: Сау болыңыз!	Ана-анамен балаларының тәртібі жөнінде сөйлесу. Қоштасу: Сау болыңыз!	Ата-аналарға баланың тазалығы туралы айту.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

